

Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім  
бөлімінің «Жалпы білім беретін Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектеп»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Бұйрық Н-№ 67**

**Атырау қаласы**

**«01» қыркүйек 2022 жыл**

**1-4 бастауыш сынып оқушыларына  
және 5-11 сыныптар бойынша  
жетім, жартылай жетім, аз қамтылған  
отбасы оқушыларын бір мезгіл  
ыстық тамақпен қамту туралы**

«Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-аналасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусым №235 бұйрығының 1 қосымшасы 83 тармағын негізге ала отырып,

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептің 1-4 бастауыш сынып оқушыларын және 5-11 сыныптар бойынша жетім, жартылай жетім, аз қамтылған отбасы оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету 2022 жылдың 02 қыркүйегінен бастап ұйымдастырылсын.

2. Бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етуші жеке кәсіпкер «Нургалиева» ЖК -мен тиісті құжаттамаларды рәсімдеу есепші А.Жолдыбаеваға жүктелсін.

3. Асханадағы дайындалып берілетін тамақтардың сертификаттарын, пісірілу сапасын анықтап, қадағалау және күнделікті ас мәзірін жасақтау және бақылау мектептің медбикесі І.Серікқызы мен әлеуметтік педагог Ж.Тумаковтың жауапкершілігіне жүктелсін.

4. Мектептің 1-4 бастауыш сынып оқушыларын және жетім, жартылай жетім, аз қамтылған отбасы оқушыларының асханадан тамақтануын кесте бойынша ұйымдастыру мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Сисенгалиеваға және әлеуметтік педагог Ж.Тумаковқа міндеттелсін.

5. Ас мәзірі бойынша берілген тамақтың ай сайынғы есебіне бақылау жасап, есеп бөліміне уақытылы есеп табелін тапсыру әлеуметтік педагог Ж.Тумаковқа жүктелсін.

6. Ыстық тамақтың берілісіне және ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының орындалысына бақылау жасау мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Сисенгалиеваға, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Уналбаеваға және сынып жетекшілеріне міндеттелінсін.